



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 20-8/985 от: 28.04.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2017 жылғы 30 наурыздағы  
№ ДС-87 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің саяси қуғын-сүргіннің басталуының 80 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар өткізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі № 3443 Жарлығымен бекітілген 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне жыл сайын республика бойынша біздің еліміз тарихының осы қасіретті кезеңіне арналған іс-шаралар өткізіледі.

Ағымдағы жылы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісіне сәйкес жалпыұлттық бірлікті нығайту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және тарихи мұрамызды насихаттау мақсатында қоғам қайраткерлерімен, студенттермен кездесулер өткізілетін болады.

Республикалық және өңірлік орта және жоғары білім ұйымдарында қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдармен және олардың ұрпақтарымен кездесулер мен ашық сабақтар, ғылыми-практикалық конференциялар, тәрбиелік сағаттар, шығармашылық кештер ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралар қауымдастығының базасында «Мәңгілік ел» тұжырымдамасын зерделеу жөнінде оқу пәні енгізілді. Аталған пәнді зерделеу мақсаты: ұлттық санаға, ұлттық мәдениетке, қазақ халқының және жалпы Қазақстан халқының рухани мұрасының құндылықтарына қатысты қалыптастыру, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникациялар дағдыларына ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Орта білім беру ұйымдарының 9, 11 сыныптарында және колледждерде Қазақстан тарихы пәнінің базасында «Тоталитаризм кезеңіндегі Қазақстан» бөлігінде «Сталиндік қуғын-сүргін. Қазақстан аумағындағы кеңестік

«еңбек түзеу» концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар)» тақырыптары зерделеніп жатыр.

Бұдан басқа саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін мәңгі есте қалдыруға мемориалдар мен ескерткіштер орнату және қайта жаңарту жөнінде жұмыстар жалғастырылатын болады.

Ономастикалық жұмыстарды жалғастыру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2017 жылғы 2 наурыздағы № 17-388-5 қарарына сәйкес барлық билік тармақтарына кісі аттарын беру тәжірибесіне мейлінше шектеу қою, сондай-ақ объектілер мен көшелердің жекелеген атауларын ұлттық дәстүрлі атауларға өзгерту туралы мәселелерді қарау тапсырылғанын хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында, Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасында, өңірлік кітапханаларда, сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Жазықсыз жапа шеккендер», «Тарихқа тағлым-өткенге тағзым» атты экспозициялық көрмелер өткізілетін болады. Республикалық және өңірлік фотокөрмелер музейлерінде, республикалық және өңірлік драма театрларында М.Жұмабаев туралы «Жүз жылдық махаббат», «Ай мен Айша» халық жауы, Ш.Құдайбердіұлы туралы «Шәкәрім», Карлаг туралы «Ақтастағы Ахико», қоныс аударылғандар туралы «Кәмбе нанның дәмі», «Фатима», «Мұстафа Шоқай» қойылымдары көрсетіледі. Кинотеатрларда «Мұстафа Шоқай», жер аудару туралы «Жерұйық», «Нарком Жүргенов» көркем фильмдерін көрсету жоспарланып отыр.

Жыл сайын Білім және ғылым министрлігі Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан тарихы пәнін зерделеу шеңберінде оқушылар мен студенттердің «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының музей-мемориалдық кешеніне баруды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Өткен жылы саяси қуғын-сүргіндер мен олардың құрбандары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында 1716 материал жарияланды. Оның ішінде, республикалық газеттерде – 161 мақала, республикалық телеарналарда – 150 сюжет, интернетресурстар мен ақпараттық агенттіктерде – 374 хабарлама шықты. Ақпараттық жұмыста өңірлік БАҚ-та – 1 031 материал жарық көрді. Аталған жұмыс 2017 жылы да жалғасын табады.

Сонымен бірге, ұлттық мәдени құндылықтарға, қазақ халқы мен Қазақстан халықтарының рухани мұрасына қатысты ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері және азаматтық қоғам, Білім және ғылым, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерімен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған кездесулер, көрмелер, ашық сабақтар, сыныптық сағаттар, телевизиялық және театрлық экспозициялар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу жөнінде қосымша шаралар кешенін әзірлеу тапсырылды.

**Б. Сағынтаев**